

## № 5 хаттама

15.08.2022ж.

Катысқандар: 32 адам

Катыспағандар: 5 адам

### Күн тәртібінде:

«Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне қарсы іс – қимыл» -комплаенс-офицер  
Мыңа А. Ю. «

### Барысы:

#### Тындалды:

комплаенс-офицер Мыңа А.Ю.

Қазіргі уақытта Қазақстан Республикасында сыбайлас жемқорлыққа қарсы негұрлым дамыған заңнама бар.

Мемлекеттік органдармен және азаматтық қоғаммен іске асырылатын сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылға бағытталған шаралар кешенін әзірлеу мақсатында заңнамалық база қалыптастырылды, атап айтқанда: ҚР «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңы, ҚР Президентінің «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күресті қүшету, мемлекеттік органдар мен лауазымды тұлғалар қызметіндегі тәртіп пен тәртіпті нығайту жөніндегі шаралар туралы» Жарлығы, сондай-ақ бірқатар басқа бағдарламалар.

Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінде «Пара беру» деген 367-бапта пара алушының ғана емес, мемлекеттік функцияларды орындауға үәкілеттік берілген адамға не оған теңестірілген адамға немесе жауапты мемлекеттік лауазымды атқаратын адамға не лауазымды адамға, сол сияқты шет мемлекеттің немесе халықаралық ұйымның лауазымды адамына жеке өзі немесе делдал арқылы пара берудің де жауапкершілігі көзделген: мұлкі тәркіленіп немесе онсыз, параның он еселенген сомасынан жиырма еселенген мөлшерде айыппұл салуға не өмір бойы белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айырумен үш жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

Елеулі мөлшерде жасалған нақ сол іс-әрекет-мұлкі тәркіленіп немесе онсыз, белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан өмір бойына айыра отырып, параның жиырма еселенген сомасынан отыз еселенген мөлшерде айыппұл салуға не бес жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

Осы баптың бірінші немесе екінші бөліктерінде көзделген іс-әрекеттер, егер олар жасалса:

- 1) адамдар тобының алдын ала сөз байласуымен;
- 2) ірі мөлшерде;
- 3) бірнеше рет, –

мұлкі тәркіленіп, белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан өмір бойына айыра отырып, параның отыз еселенген сомасынан қырық еселенген мөлшерде айыппұл салуға не жеті жылдан он екі жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

Осы баптың бірінші, екінші немесе үшінші бөліктерінде көзделген іс – әрекеттер, егер оларды аса ірі мөлшерде немесе қылмыстық топ жасаса, - мұлкі тәркіленіп, белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан өмір бойына айыра отырып, параның қырық еселенген сомасынан елу еселенген сомасына дейінгі мөлшерде айыппұл салуға не он жылдан он бес жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

Сыбайлас жемқорлық-жай ғана құқық бұзушылық емес. Ол мемлекеттің тиімділігіне деген сенімге нұқсан келтіреді және Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздігіне тікелей қатер болып табылады.

Біздің қогамда сыбайлас жемқорлыққа орын жоқ. Бұл құбылысқа тиімді қарсы тұруға күш біріктіру арқылы ғана қол жеткізуге болады.

### Сөзге шыққандар:

Акишева Баян Ударбековна-біз қазіргі әлемде өмір сүріп жатырмыз және пара беруге болмайды деп санаймын, өйткені біз өз еліміздің заңға бағынатын азаматтары болуымыз керек.

Пахнина Нина Ивановна-ақпарат өте мазмұнды және оны ескеру қажет.

Төраға Ақбашева Танзилия Мулануровна «Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне қарсы іс-қимыл» туралы ақпаратты назарға алды.


**Дауыс берді:** бірауыздан.

**Қауолы етті:** «Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне қарсы іс-қимыл» ақпаратын назарға алынсын.

**Педагогикалық әдеп**

**жөніндегі Кеңестің төрағасы**

**Хатшы**



**Акбашева Т.М.**



**Акишева Г.Н.**